

БІЛІМДЕГІ ЖАҢАЛЫҚТАР №1 (61), 2018

Республикалық ақпаратты-әдістемелік журнал
2003 жылдан бастап шығарылады

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Меншік иесі

«Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы»
акционерлік қоғамының филиалы Астана қаласы
бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін
арттыру институты

Бас редакторы:

Л.А. Саинова, ПҚ БАИ директоры

Редакция алқасының мүшелері:

Ә. И. Чокушева, ПҚ БАИ
М. Ж. Асамбаев, ПҚ БАИ
Қ. К. Ахметова, ПҚ БАИ
Б. Ғ. Ғалымжанов, ПҚ БАИ
Л. К. Боранбаева, ПҚ БАИ
Г. Қ. Дәулетбаева, ПҚ БАИ
Н. А. Клименко, ПҚ БАИ
В. И. Нурмаганбетова, ПҚ БАИ
Ж. С. Нурмаганбетова, ПҚ БАИ

Дайындаған редактор:

О. А. Бегалина
Ә. С. Жұматаева

Әрлендірген және қалыптаған:

Н. Ж. Исенов

Жазылым бойынша таратылады:

«Қазпошта» каталогы, индексі 75584

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген. Лицен-
зия № 3463 - Ж, 2002 ж., 21 желтоқсан

Журнал зарегистрирован Министерством культуры,
информации и общественного согласия Республики
Казахстан Лицензия № 3463 - Ж от 21 декабря 2002 г.

Редакцияның мекен-жайы:

Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 18
Телефон/факс: 8 (7172) 48-76-85

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін
білдірмейді. Қолжазбалар және суреттер
рецензияланбайды және қайтарылмайды

Позиция редакция не обязательно совпадает
с мнением авторов. Рукописи и фотоснимки не
рецензируются и не возвращаются

Дана / Тираж:
500

БІЛІМ БЕРУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ / ГОСУДАРСТВЕННАЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПОЛИТИКА

- Саинова Л. А.** Послание Президента Республики Казахстан.
Новые возможности для профессионального развития педагогов..... 2
- Жумабаева Ф. Н., Бикенова Ж.** Болашақ әлеуметтік педагог және
өзін-өзі тану мұғалімін көптілділік ортаға бейімдеудің теориялық
негіздері..... 5
- Ибраева Г. Н.** Білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасы
аясында тілдік дағдыларды қалыптастыру..... 10
- Чекетаева Р. С.** Бағалауға көзқарас..... 13

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛАР / ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИННОВАЦИИ

- Сайлыбаева А. С.** Кері дизайн логикасы құзыреттілікті
қалыптастыруға бағыттайтын тәсіл..... 18
- Каматаева С. Т., Камзина А. Н.** Интегрированные уроки как средство
формирования функциональной грамотности учащихся..... 22

БІЛІМ БЕРУ: МОДЕЛДЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ / ОБРАЗОВАНИЕ: МОДЕЛИ И МЕТОДЫ

- Адыльбаева Г. С.** Оқыту мен оқу үдерісін жақсарту мақсатында
lesson study зерттеу сабағы тәсілінің тиімділігі..... 27
- Сулейменова Б. А.** Анатомия пәнін оқыту – білімді де білікті
тұлғаны тәрбиелеу құралдарының бірі..... 29
- Шотпаева А. Б.** Топтық жұмыстар арқылы оқушылардың
белсенділігін арттыру..... 31
- Саренбаева А. Д., Вагапова Н. Н.** Деятельность учителя начальных
классов по формированию мотивации учащихся в условиях обновления
содержания образования..... 36
- Жапанова Р. Е.** Стили обучения студентов технических
специальностей..... 40
- Issenova Sholpan.** New methods to develop communicative competence
of learners..... 42
- Смердова Л. Л.** Математическая компетентность учащихся
на уроках математики..... 45
- Молдажанова Ш. К.** Методы и функции контроля знаний по химии..... 48

МЕКТЕПKE ҚАДАМ: МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ МЕН ТӘРБИЕ СТУПЕНЬКИ К ШКОЛЕ: ДОШКОЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ И ВОСПИТАНИЕ

- Байтокова Г. С.** Сөйлеу тілі дамымаған балалармен түзету
жұмыстары..... 51

АСТАНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ КӨШБАСШЫЛАРЫ / ЛИДЕРЫ СТОЛИЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

- Рахымбаев М. Қ.** Инновациялық білім беру ісінің кәсіби көшбасшысы..... 54

ӨЗЕКТІ АҚПАРАТ АКТУАЛЬНАЯ ИНФОРМАЦИЯ

- Искакова Л. С.** Батыс Қазақстан өңіріндегі Алаш қозғалысы және
қайраткерлерінің қосқан үлесі..... 60
- Жумагулова Б.Т.** Железодефицитная анемия у подростков..... 62

ӨНЕГЕЛІ ТӘРБИЕ / ИСКУССТВО ВОСПИТАНИЯ

- Аншыбаева Шолпан.** Рухани жаңғыру жағдайында өскелең
ұрпақтың ұлттық дүниетанымын дамытудың маңыздылығы..... 65
- Избасарова Г. Ж.** Психологические особенности адаптации
учащихся в среднем звене..... 70
- Шукирова А. У.** Воспитательные функции хореографического
искусства в системе дополнительного образования..... 73

РЕДАКЦИЯ ҰСЫНАДЫ / ОТ РЕДАКЦИИ

- Жуматаева А. С.** Религиозный фанатизм в свете представленный
Шокана Уалиханова 76

ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН. НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ ПЕДАГОГОВ

Саинова Л. А.,
директор АО «НЦПК «Өрлеу»
ИПК ПР по г. Астана

Послание Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева народу Казахстана открыло новые возможности для развития страны. В стратегически важном документе определены основные тенденции развития Казахстана, тактические шаги на ближайшую перспективу. Глава государства подчеркнул, что у Казахстана есть все необходимое для вхождения в число лидеров нового мира и определил 10 основных задач, которые предстоит реализовать всему казахстанскому обществу в данный период, когда «...мир вступает в эпоху Четвертой промышленной революции, эру глубоких и стремительных изменений: технологических, экономических и социальных».

Мощный рывок Казахстана в сфере инновационного развития и создания социально ориентированного государства напрямую связан с системой образования, главная задача которой отвечать современным реалиям и потребностям экономики и при этом особое внимание уделять повышению престижа профессии учителя.

Основным условием развития любого общества является обучение и воспитание подрастающего поколения. Президент отмечает, что новое качество человеческого капитала требует ускорения процесса создания собственной передовой системы образования, развития способности к постоянной адаптации к изменению и усвоению новых знаний, внедрения единых стандартов программ для раннего развития детей, развития социальных навыков и навыков самообучения и пересмотра подходов к обучению и

росту квалификации педагогов.

Очень важно, чтобы учитель понимал суть новых изменений, смысл новых требований и качественных образовательных результатов. Поэтому в Национальном центре повышения квалификации «Өрлеу», успешно функционирующем с 2012 года, реализуется непрерывная модель профессионального развития педагогов.

Концептуальной основой деятельности АО «НЦПК «Өрлеу» в повышении квалификации педагогических работников является установка «обучение на протяжении всей жизни», нацеливающая педагогов на самосовершенствование и профессиональную самореализацию.

Сегодня «Өрлеу» - это совершенно новая система управления повышением квалификации педагогов с единым содержанием и подходами к реализации своей миссии и задач. Отечественная система повышения квалификации обладает целым арсеналом средств для подготовки и переподготовки учителей. Многообразие модульных программ повышения квалификации всех специалистов сферы образования, перспективная и целевая подготовка педагогических кадров к реформам, современные методики и технологии, мобильность, гибкость, сотрудничество, регулярный мониторинг качества, сертифицированный тренерский корпус, посткурсовое сопровождение профессионального развития и методическое сопровождение практической деятельности педагога, трансляция лучшего отечественного и зарубежного опыта, равные возможности для профес-

сионального развития сельского и городского педагога – вот далеко не полный перечень приоритетных аспектов деятельности национального центра.

При разработке образовательных программ курсов повышения квалификации во главу угла были поставлены принципы и стратегии новой философии образования и компетентностный подход. Они в свою очередь нацелены на внедрение в практику современных педагогических технологий и применение активных методов обучения, на развитие критического и креативного мышления и углубленное использование ИКТ в педагогической практике. Кроме того, в условиях модернизации системы образования на запросы педагогов нужно реагировать гибко и мобильно. Это условие достигается благодаря модульному принципу программ курсов.

«Нужно ускорить создание собственной передовой системы образования, охватывающей граждан всех возрастов».

Н. А. Назарбаев

Новые образовательные программы соответствуют мировым требованиям. В то же время не утеряны лучшие традиции отечественной системы повышения квалификации. В результате пятилетней деятельности «Өрлеу» появилось большое количество квалифицированных педагогов, которые отошли от принципа простого накопления энциклопедических знаний в сторону формирования функциональной грамотности учащихся, развития критического мышления, освоения компетенций и навыков, позволяющих развивать способность ребенка учиться и адаптироваться к жизни.

Важной составляющей обновленного содержания среднего образования является трёхязычие. Усиление профессио-

нализма педагогов, формирование педагогической элиты с ярко выраженными коммуникативными компетенциями в формате трёхязычного образования – еще одна важная задача системы повышения квалификации педагогических кадров. АО «НЦПК «Өрлеу» обеспечило их реализацию через разработку образовательных программ повышения квалификации педагогических кадров среднего образования и подготовку собственного тренерского корпуса. В 2017 году на базе филиалов АО «НЦПК «Өрлеу» 756 педагогов прошли курсовую подготовку по преподаванию предметов «Информатика», «Физика», «Химия» и «Биология» на английском языке по программам повышения квалификации «Формирование предметной и коммуникативно-языковой компетентности учителей в условиях обучения на трех языках» и «Развитие профессиональной компетентности учителей по освоению инновационных методик преподавания предмета на английском языке». В нашем филиале было обучено 54 учителей школ г.Астана: 36 – по 640-часовой программе и 18 – по 470-часовой программе.

Деятельность филиала АО НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по г. Астана протекает в русле общих целей национального центра и его подразделений, но в то же время институт, конечно, имеет свои достижения и результаты. В 2017 году курсами повышения квалификации по обновлению СО были охвачены 1297 педагогов: это учителя начальных классов, казахского, русского, английского языков, географии, истории, физики, биологии, химии, математики, информатики, физкультуры.

Новым направлением в курсовой подготовке педагогов является разработка и внедрение **программ смешанного обучения**. В 2017 г. АО «Өрлеу» разработано **9 образовательных программ** курсов формата «Blended learning». Направле-

ние и содержание курсов весьма разнообразно. Главным принципом реализации программы является практико-ориентированное содержание через комбинированное обучение (face-to-face и on-line), широкое применение интерактивных методов и форм, кейсы, проекты, дебаты, семинары-коучинги, тренинги, выезды в опорные организации образования (детские сады, школы и т.д.). В каждой программе заложены рефлексия, самоконтроль, самоанализ, модули по развитию критического мышления обучающегося. Все это позволяет активизировать познавательную деятельность слушателей курсов, способствует личностно-профессиональному развитию педагогов, усиливает их профессиональную компетентность и педагогическое мастерство.

Для педагогов республики АО «НЦПК «Өрлеу» создан новый «Национальный образовательный портал ПК педагогов Республики Казахстан» (bl.orleu-edu.kz), позволяющий совместить все преимущества обучения в формате смешанного обучения «Blended learning». Данная модель даёт возможность слушателям самостоятельно планировать образовательный маршрут, контролировать время, место, темп и способ изучения материала, совмещая традиционные методики и современные информационно-коммуникационные технологии в обучении.

Согласно плану курсовых мероприятий нашего филиала на 2017 год проведено 5 краткосрочных курсов повышения квалификации педагогов для учителей общеобразовательных школ с казахским и русским языками обучения на тему «Содержание образовательной среды в условиях развития инклюзивного образования» с общим охватом 132 человека: в том числе 2 двухнедельных курса (по 80 ч.), 1 двухнедельный курс в режиме «Blended learning» (80 ч.), 2 четырехне-

дельных курса (по 160 ч.).

Учитывая актуальность широкого круга проблем инклюзивного образования в 2017 году филиалом ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по г. Астана для развития профессиональной компетентности психологов дошкольных организаций образования в работе с детьми при психолого-педагогической поддержке инклюзивного образования был запланирован и проведен курс на казахском языке «Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» (72 ч.). Количество слушателей – 22 человека.

Повышение квалификации не ограничивается только курсовой деятельностью. Посткурсовая деятельность и межкурсовая деятельность является важнейшей частью работы АО «НЦПК «Өрлеу», проводимой в форме конференций, вебинаров, круглых столов, семинаров, посвященных различным актуальным вопросам образования и повышения профессионального уровня педагога. Развита филиальная сеть сетевых сообществ учителей, создан электронный депозитарий методических и научных изданий «Өрлеу», что позволяет нам держать руку на пульсе последних тенденций в образовательном поле.

Выполненная работа и достигнутые цели радуют, однако новые вызовы выдвигают новые задачи. Уровень профессионального развития учителей неизменно должен отвечать новым требованиям к качеству образования. Благодаря эффективной системе повышения квалификации определена новая роль учителя и ученика в учебном процессе. Создавать ежедневно творческую атмосферу на каждом занятии, ставить цели и их достигать, своим трудом формировать уважение к Учителю – это ответственные задачи. Но во имя процветания

своих учеников учитель должен познавать новое, совершенствовать свое педагогическое мастерство, чтобы гордо нести по жизни имя **Учитель**.

Послание Президента указало для всех нас и для страны в целом новые пути и возможности. Эти пути нелегки,

но чувство удовлетворения от участия в одном большом деле и возможность внести в него свой вклад дают новые силы для совершенствования и оттачивания самых различных граней педагогического мастерства казахстанского учителя.

Литература:

Послание Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева народу Казахстана. 10 января 2018 года.

БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ МҰҒАЛІМІН КӨПТІЛДІЛІК ОРТАҒА БЕЙІМДЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Жумабекова Ф. Н.,

*п.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің профессоры*

Бикенова Ж.,

*Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану
мамандығының 1 курс магистрі*

Елбасы Н. Ә. Назарбаев: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі ғана болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы болса береді» - деп атап көрсеткен еді. Бұл жерде мәселе сол стратегияны, сол саясатты дұрыс жүргізуде, жарқын болашақта нәтиженің оң болуын қамтамасыз етуде болып отыр. Мәселен, орыс тілі мен ағылшын тілін оқытатын мұғалімдер міндетті түрде қазақ тілін, яғни мемлекеттік тілді өте жақсы білуі тиіс. Жоғары оқу орындарында ағылшын тілі мен орыс тілін қазақ тілімен біріктіріліп қана оқытылуы маңызды деп тұжырымдайды.

Көптілділік біздің қоғам үшін 2006 жылғы Елбасының «Тілдердің үштұғырлылығы» – «Триединство языков» - «Trinity of languages»

тұжырымдамасынан бастау алғаны мәлім. Бұл жобаны күшейтілген халықаралық бәсекелестік есебімен Қазақстан дамуының ұзақ стратегиясы бағытының бірі ретінде есептеуге болады, өйткені оны жүзеге асыру бірнеше шет тілін меңгеріп, өзара даму және бәсекеге қабілетті жастарымыздың қалыптасуын қамтамасыз етеді [1].

«Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Үш тілді меңгеру – біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады. Қазақстанды әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек» - деген болатын. Ендеше, Қазақстанның білім беру жүйесінде үштілді оқыту мәселелерінің

көтерілуі заман талабынан туындап отырғаны айқын [2].

Қазіргі таңда адам қызметінің барлық салаларында жаһандану үрдісі орын алғандықтан, білім беру саласында қайта қарастырулар болып жатыр. Сол себептен ақпараттық-коммуникативтік құзырлықпен қатар, полимәдениеттілік бүгінгі уақытта білім беру құзырлығының басты бағыттарының бірі ретінде анықталды.

Мемлекеттік тілді білу – парыз, өзге тілдерді үйрену – құқық. «Өз тілің – бірлік үшін, өзге тіл – тірлік үшін» дегендей, көп тіл білетін адамның көп нәрсеге қол жеткізетіні, басқаларға қарағанда қалаған жерінде жұмыс істеуіне де мүмкіндігі мол екені, қай елге барса да алдынан жарық жағылып тұратыны белгілі. Бүгінгі технология және жаһандану заманында көптілді меңгеру жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Стратегиялық міндеттердің бірі ретінде мемлекеттік тілді оқыту, халықаралық қарым-қатынас ретінде орыс тілін, сонымен қатар шет тілін оқыту басқа мәдениетке, тарихқа, әдебиетке, өнерге, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тануға бейімдеу арқылы білімдік мақсаттардың жетістігіне кепілдеме береді.

Көптілді меңгеру деген ұғым - қазақ дүниетанымында бұрыннан бар түсінік. Кезінде халқымыздың «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген аталы сөзі дәл бүгінгі дамыған дәуірімізге сәйкес айтылғандай. Тарихи деректерге жүгінсек, әлемде Аристотелден кейін екінші аға ұстаз аталған ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз өз өмірінде 70-ке жуық ұлттың тілін жетік білгендіктен, артына мәңгі өшпес мол рухани құнды мұра қалдырып кеткендігі анық.

Ағылшын тілі халықаралық қарым-қатынас жасау тілі ретінде республикалық

мәндегі пәндер дәрежесіне көшірілді және жалпы пәндер қатарында мемлекеттік тіл (қазақ тілі), орыс тілі – ұлттар арасындығы қарым-қатынас тілі қатар тұрады. Осыған орай тілді меңгеру ғана емес, оны шынайы қарым-қатынас жасауда қолдана білу, яғни тілді практикалық тұрғыдан меңгеру, демек, «мәдениаралық біліктілік» туралы сөз болып отыр.

Жаңа міндеттердің қойылуы оқытушыдан шетел тілінде қарым-қатынас жасауға дәстүрлі оқыту түрінен еуропалық білім беру мен әлеуметтік мәдениет негізінде жүзеге асырылатын, мәдениаралық дидактика бойынша оқытуға көшуді айтады. В. Г. Костомаровтың, Ю. Н. Караулованың, И. А. Халееваның, Г. И. Богинаның, В. П. Фурманованың, В. В. Сафонованың көптеген зерттеушілердің құрған әдістемелік концепцияларында (лингвомәдени, әлеуметтік мәдени, мәдени аралық) және шет тілдерді оқыту әдістерінде практикалық тұрғыдан жүзеге асырылуда [3].

Қазіргі таңда шетел тілі білімі дағдыларын тіл мен мәдениет тұтастығында қалыптастыру қажеттілігіне ешкім таласпайды. Мәдени платформа тіл қызмет етіп отырған қоғамның интеллектуалды іргетасы, оның ұлттық жетістігі, сақтаушы, жеткізуші әрі тасымалдаушы құралы болып табылады. Шетелдік зерттеушілер У. Ф. Манк, Ф. Н. Кулмаст, М. Шеннон, К. А. Тайли, ресейлік ғалымдар В. В. Сафонованың, С. Г. Тер-Минасованың, Е. И. Пассовтың, А. А. Леноньевтің, Е. М. Верещагинаның, В. Г. Костомаровтың, С. В. Харитоновтың концепциялары тіл тек қана қарым-қатынас құралы емес, сондай-ақ тіл үйренушіні басқа халықтың мәдени құндылықтарымен таныстыру, мәдениетті түсініп, білудің қол жеткізу құралы екенін дәлелдейді.

Сонымен қатар қазақстандық

ғалымдардың К. Х. Ханазарованың, М. С. Джунусованың, М. И. Исаеваның, Ж. А. Азимбаевның зерттеу жұмыстарында көптілділік түрлі қырларынан көрініс тауып отыр. «Үштілділік» жайлы Қазақстанның тұңғыш социолінгвист-ғалым Б.Хасанұлы мынадай анықтама берген: «Үштілділік» – үш тілдің тұтастығын құрайтын бірыңғай тілдік үдеріс. Бұл – әртүрлі тұлға, әлеуметтік топ не ұжым сөйлейтін үш тіл қолданысы емес, бір тұлға не бір әлеуметтік топ немесе бір ұжым, нақты бір қоғам сөйлейтін үшем сөйленім [4].

Зерттеулерге талдау барысында төменде көрсетілген күрделі және ғылыми мүддені арттыратын мәселелерді көруге болады: - көптілді тұлғаны қалыптастырудағы теориялық-әдіснамалық аспектілерін Алекс Бортолан, «Қазақстанда француз тілін оқыту перспективалары» (Франция), Хасанов Б.ф.ғ.д., проф. «Қазақстан ЖОО-ындағы көптілді оқыту мән мәтіндегі үштілдік мәселелері» (Алматы), Абдрахманова Т.М., ф.ғ.к. «Шетел тілін оқытудағы мәселелер: заманауи үрдістері» (Өскемен) т.б. тақырыптарда зерделенген.

Белгілі ғалымдар М. И. Дьяченко, Л. А. Кандыбович, С. Г. Вершловский, Л. Н. Лесокина, Е. А. Михайлычев, А. Т. Маленко, А. Т. Рустонов, Р. Х. Шакуров сияқты ғалымдар талдау жасаған [4].

Жоғарғы оқу орындарында болашақ мамандардың бейімделу мәселесіне талдау жұмыстары көрсеткендей кәсіби бейімделудің ішкі мазмұнын құрайтын бірыңғай көзқарастар жоқ. Бұл жерде өндіріс орындарына бейімделу мен қатар жеке тұлғаның психологиялық, құзырлық, эмоциялық ішкі көңіл-күйі туралы зерттелуде.

Кәсіби бейімделудің құрамдас бөлімі ретінде тұлғаның кәсіби қалыптасуы, оның негізгі кезеңдері, құрылымдық компоненттері мен негіздерін айтады. Кәсіби бейімделудің мазмұнын

күзиреттілік және әлеуметтік-психологиялық негіз ретінде қарастырған.

Жеке тұлғаның өзінің болашақ таңдаған мамандығына бейімделуі сол мамандықтың қоятын талабына, сол күзиреттілікке қажетті әдіс-тәсілдерді, орындаудың тиімді жолдарын, ең негізгісі психикалық үрдістердің бейімделуі. Мысалы, кәсіби қабылдау, есте сақтау, ойлау, елестету, ерік-жігерлері. Бұлардың барлығы тұлғаның кәсіби қалыптасуына мүмкіндік береді. Болашақ маманның әлеуметтік-психологиялық бейімделуінде тұлғааралық қарым-қатынастар, жаңа әлеуметтік рөлді меңгеруі, өзін-өзі ұстау ерекшелігі, салт-дәстүрлері, мәдениеті әлеуметтік ортаға тұлғаның бейімделуінің негізгі көрсеткіші, адамдарды тану ерекшелігі, қарым-қатынас ерекшелігі, іскерлік ортаны тану мүмкіндігін қарастырамыз.

Болашақ мамандардың кәсіби қалыптасуының психологиялық құрылымынан төмендегідей ретті байқауға болады. Біріншіден қиындықты жеңудің аралық сапалары, яғни ішкі сезімдер, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіне білуі, кәсіби өсуді мақсат етіп қою, жетістіктерге дайын болуы. Екіншіден кәсіби бейімделудің келесі сапасы тұлғаның психикалық үрдістерін іс-әрекет мазмұнына бағыттай отырып кәсіби қасиеттерді дамыту және тәжірибе жинақтауы. Үшіншіден бейімделудің негізгі бөлімі тұлғаның жаңа әлеуметтік орнын меңгеруі, бұл қоғаммен байланысы, тұлғааралық қарым-қатынасы, өзін-өзі басқара алуы. Төртіншіден кәсіби бейімделудің маңызды сапалары ол – уақыт өлшемі болып табылады. Зерттеушілердің көзқарасы бойынша жоғарғы оқу орындарын бітіруші түлектердің кәсіби мамандығына байланысты іс-әрекет мазмұнының жоғары деңгейде орындалу сипаттамасы уақыт өлшемімен анықталатынын көрсеткен [5].

Кәсіби бейімделудің құрылымдық ерекшеліктеріне талдау жасап қарағанымызда кәсіби бейімделудің кезеңдері маңызды рөл атқаратынын байқауға болады. Ғалымдар арасында бұл мәселеге байланысты бірыңғай көзқарастар жоқ екендігін көруге болады. Ал белгілі ғалым А.Г.Ростунов бейімделудің 4 деңгейін: кәсіби іс-әрекеттің және оны игерудің бөлшектерімен танысу; кәсіби іс-әрекетті жоғары деңгейде орындау; кәсіби іс-әрекетті тиімді, сапалы түрде қойылған талаптар мен нормалық ерекшеліктерге байланысты орындауға үйрену; кәсіби шеберлікті қалыптастыру, деп атап көрсетеді. [6].

Кәсіби бейімделудің кезеңдеріне талдау жасағанымызда байқағанымыз ұғымның өзіне де түрлі көзқарастар бар екендігі. Сонымен «Бейімделу» дегеніміз жаңа ортаны меңгеруге бағытталған белсенді үрдіс, кәсіби бейімделудің мазмұнын жетілдіру, сапалы меңгеру болып табылады. Бұл үздіксіз үрдіс жеке тұлғаны қалыптастыруға және өзінің таңдаған мамандығына кәсіби бейімделуіне мүмкіндік береді.

Қоғамның қарқынды дамуына қарай оның талаптары да білім беру саласына үнемі өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етеді. Осыған орай төмендегідей қарама-қайшылықтардың туындау себептерін айқындадық:

– болашақ әлеуметтік педагог пен өзін-өзі тану мұғалімін көптілділік ортаға бейімдеудің ғылыми-теориялық тұрғыдан негізделмегендігі;

– студенттердің кәсіби даярлығын қалыптастыруда көптілділік ортаға бейімдеудің жүйелі түрде зерттеу нысанына алынбағандығы;

– көптілді оқыту - болашақ мамандардың білім кеңістігінде өзін еркін сезінуіне жол ашатын, әлемнің түрлі ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін

танытуына мүмкіндік беретін бүгінгі күнгі еңбасты қажеттілік екенін ескеріп, оның коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру арасындағы қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру біздің зерттеу мәселемізді айқындауға негіз болды.

Әр тіл – өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе. Осындай мазмұнды құрылымына сәйкес ол-жай таңбалық жүйе емес, ұлт болмысын тұтас сипаттайтын мәдениет. Өйткені мәдениет ұлттық тіл ғана емес, мемлекеттік тіл ретінде қызметін мінсіз атқара алады.

Көптілді ортаға бейімдеу – көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – болашақ мұғалімін білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларын, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті және мәдениетті тұлға болу. Сонымен қатар болашақ әлеуметтік педагог пен өзін-өзі тану мұғалімі көптілді ортада бейімдеуде өзін еркін ұстап, жаңа кәсіптік ақпараттар легіне немесе жалпы ақпараттық ғаламшарға үңілу мүмкіндігіне ие болады. Әр адамның түрлі әлеуметтік қызметтерінде жеткен жетістіктерінің нәтижелері түрлі болмақ, сол себептен шетел тілін оқытудың мақсаты тек нақты білім іскерліктерін біліп қана қоймай, сондай тілдік тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Көптілдік ортаға бейімдеуде төмендегілерді жатқызуға болады:

• Тұрмыстық бейімделу: алдын ала ойластырылмаған жағдайда қарым-қатынасқа түсушілер арасында тілдік кедергіні жоюға, психологиялық

ыңғайсыздықты азайтуға, сөйлеу кезінде қолайлы сәтте сөз оралымдарын, бір – біріне көмектесу арқылы оңай тіл табысып кету арқылы, сөздік қорын қарапайым тұрмыстық бірліктермен толықтыра отырып, білім дәрежесін көтеру.

- Климаттық бейімделу: белсенді лексикалық бірліктер қатарына табиғатты, ауа-райын суреттеу жатады. Сол арқылы сөздік қорына ауа-райына қатысты айтылатын киім-кешек атауларын, заттар мен құралдар атауларына қатысты бірліктерді толықтырып отырады.

- Физиологиялық бейімделу: спорттық ойындар, арнайы іс-шаралар, арқылы вербалды емес дағдыларды қалыптастыра отырып шыңдайды.

- Дидактикалық бейімделу: оқу орындарында этикалық, эстетикалық нормаларға дағдыландыру (сәлемдесу, қоштасу, әңгімелесу, қонаққа бару, қонақ күту) соған қатысты іс-әрекеттермен, іс-қимылдарды үйрету.

- Әлеуметтік-мәдени бейімделу: адам өз табиғатында қоғамдық мәңгілік, оның өмір сүру барысын белгілі бір қоғамдық ортаға тәуелді бола отырып, сол қоғамға тән барлық құндылықтар жүйесін халықтың қоғамдық сана-сезімін, оның менталитетін, ұлттық болмысын, мінез-құлқын, өмір сүру қалпын, салт-дәстүрін, өмірді қабылдау сынды түсініктерін, ақпараттар әлемін толықтай бойына сіңіреді [7].

Бүгінде болашақ әлеуметтік педагог пен өзін-өзі тану мұғалімдері үш тілде еркін сөйлеуге, әртүрлі сайыстарды, іс-шараларды үш тілде өткізуге, көптеген семинарлар мен курстарға қатысу арқылы көптілді ортаға бейімделудің жолдарын қарастыруы қажет. Яғни көптілді ортада бейімдеу – болашақ маманның өз болмысын тануға ұмтылысына көмектесіп, тереңде жатқан талап-тілегін, қабілеттерін дамыту, сол

арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін рухани күш беру – бүгінгі басты мақсат. Бұл мақсаттың орындалуы үшін оқыту мазмұнының жаңартылуы, әдіс-тәсілдің озығы өмірге келуі, ол тәсілдер әрбір оқушының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтын болып ұйымдастырылуы қажет. Көптілді білім беру бағдарламасы аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейге көтерілуіміз керек. Сонымен қоса дұрыс ұйымдастырылған педагогикалық үрдіс болашақ әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандықтарының кәсіби бейімделуінің негізгі көрсеткіші болмақ [8].

Ойымызды қорытындылай келе, аталған мамандықтардың көптілділік ортаға бейімделуі үшін кәсіби құзыреттіліктің барлық түрлерін – пәндік, тілдік, әлеуметтік және мәдениет аралық түрлерін меңгеруге міндетті болып табылады және төмендегі көрсетілген мәселелердің шешімін табу қажет:

- оқытудың академиялық формасын қазақ, орыс, шетел тілдерін үйретудің қосымша түрлері мен кеңейту арқылы көптілді білім берудің сапасын арттыру мен көптілді орта құрылуы;

- профессорлы - оқытушылар құрамы және студенттердің «Болашақ», «TEMPUS», «Erasmus+» халықаралық бағдарламалар мен Мария Склодовская-Кюри, Жан Моне еуропалық бағдарламаларына қатысуы;

- аудио жазба, сөйлеу, оқу, жазуды үш және одан көптілде білуі мен дағдылары;

- үйренген тілінің еліндегі ерекшеліктерін есепке ала отырып, мәдениет, тарих, саясат, экономика туралы сұхбат құра білуге даярлығы;

- мамандық шеңберінде қазақ, орыс, шетел тілдерінде серіктестік құру қабілеті;

- шетелдік әріптестерімен ғылыми

байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік жасай алуы;

– отандық және шетелдік ғылыми жобаларға, конференцияларға қазақ, орыс, шетел тілдерінде қатысуы, шетелдік әріптестермен ғылыми байла-

ныстарды нығайтуы елдің ертеңі, өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие беруде көптілділік ортаға бейімделуге ықпал етері сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президенті «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы. Астана. 2014.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы.

3. Есмұратова Г. Ж. Әлемдік қоғамдастыққа қарқынды енуге апарар жол – тілдің үштұғырлығы. // http://www.rusnauka.com/8_SNP_2016/Philologia/

4. Хасанұлы Б. Орталық Қазақстанда мемлекеттік тілді дамытудың өңірлік социолінгвистикалық тетіктері. – Қарағанды. – 2014

5. Намазбаева Ж.И. Психология. – Алматы: Принтс, 2005.

6. Ростунов А.Г. Формирование профессиональной пригодности. – М.: Выс. школа, 1984.

7. Аязбекова Б. Қ. Көптілдік білім беру жағдайында шетел тілін оқыту проблемалары туралы// Қарағанды ун-ң Хабаршысы. Педагогика сер. – 2012 ж. - №2. – 50 б.

8. Өтебаев М. Н. Үштілді білім беру арқылы құзыретті тұлғаны қалыптастыру – заман талабы. // «Маңғыстау мұғалімі» газеті. – 2016

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ибраева Г. Н.,

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
ШҚО бойынша ПҚ БАИ

Қазіргі қазақстандық білім беру жүйесіндегі өзгерістер біріншіден, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, екіншіден, қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуіне бағытталған. Білім беру жүйесіне қарқынды енгізіліп жатқан білім беру мазмұнын жаңарту үдерістері білім алушылардың өмірден өз орнын таңдай алатын өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым сала-

сында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзыреттіліктерді игерген жеке тұлға қалыптастыру болып табылады.

Жаңартылған білім беру мазмұнында қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы әдіс-тәсілдер оқушының қоғамдағы барлық үдеріске сыни тұрғыдан талдау жасап, оң өзгерістерге ұмтылушы азаматтарды қалыптастыруға ықпал жасауға бағытталған. Нақты оқу мақсаттарына негізделген қазақ тілі мен

әдебиеті бағдарламасы оқушылардың коммуникативтік дағдылары арқылы тұлғалық дамуға жетелеуді көздейді. Тіл қарым-қатынас құралы болып табылады. Тілді оқытудың әдіс-тәсілдері оқу ортасы мен мәнмәтінді ескере отырып, оқушының тиімді білім алуы үшін ауадай қажет.

Бүгінгі жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша тілді оқыту мұғалімдердің жұмысын бірізділікке салып, бір жүйемен жұмыс істеуге шақырады. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ-ні қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, моделдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану болып табылады. Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. «XXI ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді. Жаңартылған оқу бағдарламалары бойынша оқушыларда сын тұрғысынан ойлау; білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу; проблемаларды шеше білу; ғылыми-зерттеу дағдылары; қарым-қатынас дағдылары (тілдік дағдыларды қоса алғанда); жеке және топпен жұмыс істей алу; АҚТ саласындағы дағдыларын меңгерту басты мақсат болып табылады.

Қазақ тілі пәні бойынша білім,

дағдылар мен құзыреттіліктер қазақ тілі мен әдебиетінің оқу бағдарламаларынан көруге болады. Пән мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу үдерісінде оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, атап айтсақ: қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең ауқымда қолдану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру сияқты қолдану дағдыларын дамыту үшін алғышарттар/жағдайлар жасау керек.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі. Ақпараттық-коммуникациялық қолдану құзыреттілігі оқушылардың мектепте, бос уақытында және қарым-қатынаста технологияларды біліктілікпен және шығармашылықпен пайдалануын қамтиды. Бұл АҚТ-ні пайдаланудың бастапқы дағдылары арқылы қалыптасады. Оқушыларға ұсынылатын өздік және шығармашылық тапсырмаларды сапалы орындауға ақпараттық технологияларды қолданудың ықпалы зор. Аталған мақсаттарға бағытталған сабақтар тиімді болу үшін оқушылар өз белсенді әрекеттері арқылы топпен, жұппен жұмыс жасай отырып, оқушының өз ойын, алған ақпаратын жүйелеп, екінші адаммен ұғынысуға, қарым-қатынас жасауға бағытталады. Оқу бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

- Қазақ тілін функционалды-коммуникативтік тұрғыдан оқытуға назар аударылып, төрт дағдыға негізделген. Қазақ тілінде тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым коммуникативтік дағдыларын жағдаятқа сай дұрыс қолдана білуді дамытады.

- Оқу бағдарламасында

коммуникативтік әрекеттер мен дағдыларды жүзеге асыратын оқу мақсаттары ұсынылған. Оқу мақсаттары әр сынып деңгейіне сәйкес динамикалық даму бағытында жасалған.

- Бағдарлама «спиральді оқыту» тәсіліне негізделі құрылған. Әр сынып сайын оқу мақсаттары қарапайымнан күрделіге қарай өсіп, қайталанып отырады.

- Бағдарлама мазмұны әдебиет, тарих, биология, география, физика сияқты өзге пәндермен тығыз байланысты. Лексикалық тақырыптарды меңгерту осы пәндермен тығыз байланыста жүргізіледі.

- Бағдарлама оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыруға, сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамытуға ықпал етеді.

- Грамматиканы бөлек қарастырмай, функционалды-коммуникативтік мәнмәтінде оқытуға негізделген. Грамматикалық бірліктердің мәтінді құруға қатысуда қандай функционалды мағыналық қызмет атқарғанын таныту функционалды грамматиканың міндеті болып табылады.

- Оқу бағдарламасында оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай оларға қызықты болатын өмірмен байланысты лексикалық тақырыптар ұсынылған. Лексикалық тақырыптар оқушының белсенді сөздік қорын байытуға, алған білімін күнделікті өмірде қолдана алуға, өз ойын ашық, еркін жеткізе білуге мүмкіндік береді.

Оқу бағдарламасындағы коммуникативтік әрекеттер жыл сайын қайталанып, қарапайымнан күрделіге қарай өзгеріп отырады. Сол себепті де оқушылардың бойында дағды қалыптасады. Мәселен, 5-сынып: 5.01. Ақпаратты түсіну: Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау.

6-сынып: 6.01. Мәтіннен негізгі және қосымша, деталді ақпаратты анықтау, түсіндіру. 7-сынып: 7.01. Мәтіндік және графикалық (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау. 8-сынып: 8.01. Тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру. 9-сынып: 9.01. Тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу.

Осылайша, оқылым, жазылым, тыңдалым және айтылым дағдыларының әрқайсысын жеке-жеке дамыта отырып, оларды бір-бірімен өзара тығыз байланыста кешенді түрде оқытады. Оқу кезінде олар сөз тіркестерінің құрылымына, сөздердің орын тәртібіне, сөйлем құрылысына және сөйлеуге назар аударады. Жалпы жаңартылған бағдарлама әсіресе оқылым мен жазылымда оқушылардың бірлесіп жұмыс істеуін басты назарда ұстайды. Ең бастысы өз бетімен оқу немесе жазуға қарағанда тапсырма күрделірек болуы шарт. Адам өзінің шамасы келмейтінін түсінген кезде жанындағы адамның көмегіне жүгінеді. Егер шамасы келетін болса, әркім өз бетінше орындап, бірлескен жұмыс іске аспай қалады. Бірлескен жұмыстағы ұстаным: «мен» емес, «біз» болуы шарт. «Біз жеңіске бірге жеттік!» немесе «Біз мақсатты бірге бағындырдық!» Осындай жұмыстарды орындау барысында бала «жұмыла көтерген жүктің жеңіл» болатынын немесе «жалғыздың үні шықпайтынын» өздері түсінуі тиіс. Бірлескен оқылымда мұғалім: «ДЖИГ-СО-2», «Диалогтік оқыту», «Кітапты талдау» әдісі, «Тізбектеп оқыту» әдісі, «Өрмекші торы» сияқты т.б. стратегияларды қолданса, ал бірлескен жазылымда: «Жүгіру диктанты, «Төрт сөйлем» тәсілі, «Ара ұяшығы» әдісі, «Уақыт

тізбегі», «Бес, бес, бір» стратегияларын қолдана алады. Ал енді мұғалім жетекшілігімен жүретін оқылым мен жазылымға келетін болсақ, бұлардың екеуі де оқудың сындарлылық теориясына негізделеді. Оқушылар сөздің мәні мен мағынасын түсініп, оны бұған дейін алған білімдерімен байланыстыра отырып, жаңа ұғымдар мен түсініктерді сын тұрғысынан талдауға ұмтылады. Мұғалім жетекшілігімен жүретін оқылымда мұғалімнің рөлі нақты, мәтін мағынасын ашатын сұрақтар қою және жаңа білімді игеруге қолдау көрсету арқылы ойлау үдерісін жетілдіру.

Жаңартылған бағдарламаның

артықшылығы сол, еліміздегі барлық білім беру ошақтары бір ізге түсіп, бір бағдарламамен жұмыс істейтін болады. Тұтас мемлекет бір бағдарлама, бір жоспар, бір оқулықпен жұмыс істесе, халық үшін одан артық не керек?! Ата-бабамыз «Оқу – инемен құдық қазғандай» деп бекер айтпайды. Бүгінгі таңда замана көшінен қалмайтын, шығармашыл, ізденімпаз ұстаздар ғана табысты болмақ. Солардың алдынан өткен шәкірттер ғана ұлттың тағдыры мен тарихына салғырт қарамайтын, жан-жақты, бәсекелестікке қабілетті, құзыретті болып, үлкен нәтижелерге, жетістіктерге жетеді.

Әдебиеттер:

1. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ. Қазақ тілі оқу жоспары 2017-2018 оқу жылы, 5-сынып
2. «Балабақша-мектеп-колледж-жоғары оқу орны» жүйесіндегі мемлекеттік тілді үздіксіз оқыту» стандарты. – Астана, 2014
3. Мұғалімге арналған бағдарлама, 1 басылым. «НЗМ» ДББҰ, 2015
4. Түймебаев Ж., Қадашева Қ. Қазақ тілі. Деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің негізгі оқулығы. – Алматы, 2013

БАҒАЛАУҒА КӨЗҚАРАС

Чекетаева Р. С.,
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы ШҚО
бойынша ПҚ БАИ, аға оқытушы

«Бағалаудың жаңа моделі оқыту мен ұстаздық етуге және оның тәсілдеріне қатысты өзгерістерге ынталандырады», - деп Чаппиус [1] айтқандай тренерлік тәжірибемді дамыту барысында тренингтер жоспарын жоспарлауда, оқу мен оқытуды ұйымдастыруда бағалауда, саралаудағы өзгерістер туралы көп ойланатын болдым. Бұрын деңгейлік курстарда бағалау терминін тек – «жақын отыру», «баға» деп қарастырсақ, қазір бағалау

«талдау» [2] ретінде қарастырылды. «Қалыптастырушы бағалауды ұйымдастырудағы маңызды кезеңдердің бірі – білім алушылар жұмыстарының нәтижелерін талдау жасау» [3, 22 б], - деген пікір өте орынды айтылған. Себебі, критериалдық бағалауға байланысты бағалауға жаңаша көзқарастар қалыптасты. Мұғалімдердің көпшілігі бұрынғы бағалау жүйесінен, сандық баға түсінігінен шыға алмай жүр. Критериал-

ды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған болса, жиынтық бағалау мақсатты баға қою және сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығаруға үшін қажет.

Бұрын не үшін бағалады? Баға үй тапсырмасы үшін немесе бақылау жұмыстары, тақырыптық тексерулер, тест жұмыстары, фронталды сұрақтар қою және т.б. кездерде қойылды. Санмен бағалаудың да маңызы бар: мұғалім жұмысының тиімділігін көрсетеді, оқушының қандай деңгейде тұрғанын анықтауға мүмкіндік берді. Ал, кемшілігі оқуды бағалау үшін жүргізілді, оқушы мотивациясын азайтты, қателікті түзету үшін ақпарат бермеді. Қазіргі критериялды бағалау жүйесінде бөлім бойынша жиынтық бағалауда оқушы жұмысы бойынша рубрика толтырылып, кері байланыс беріледі. Қай жерде қателеседі, қиналады соған мән беріліп тоқсандық жиынтық бағалауға дейін сол оқу мақсатымен жұмыс істеуге мүмкіндік беріледі.

Оқушы жұмысын бағалауда ақпараттың сенімділігі мен дұрыстығы мұғалім өткізетін жиынтық бағалаудың негізгі ұстанымы болып табылады. Сенімділік оқушының оқу үлгерімі туралы шынайы және толық ақпарат беру дәрежесін білдіреді, ал дұрыстығы бағалау үшін маңызды және түбегейлі болып табылатын барлық тұстарды бағалауды талап етеді. Жиынтық (суммативті) бағалауды сапалы жасау мұғалімдердің жоғары шеберлігін талап етеді, мұғалімдердің қалыптастырушы

бағалауы жиынтық бағалау талаптарымен бұрмаланбауы керек, ал бұл өте күрделі мәселе. Критериялды бағалауға, жаңартылған білім мазмұнына көшпеген сыныптарда ішінара мұғалімдер оқушыларды ынталандыру үшін жұлдызша, смайликтер береді де, соңында олардың жинаған санымен жиынтық бағалау шығарып жатады, бұл дұрыс емес деп ойлаймын.

Бағалау – оқыту мен үйретуді жасаушы үрдіс екенін мұғалімдер қауымы білгенмен, сабақта қолданылатын бағалау түрлері бойынша мұғалімдердің жиі қиындықтарға кездесуі өзекті мәселелердің бірі. Әсіресе қазіргі уақытта 1, 2, 5 және 7 сыныптарда критериялды бағалаудың енуімен өзектілігі арта түсті.

Қалыптастырушы (формативті) бағалау үздіксіз жүргізіледі, оқушы қатесін түзетуге мүмкіншілік беріледі.

Оқу және үйренуді бағалаудың 4 принципі бар: оқушы қай деңгейде содан басталады (жеткен жетістіктерін анықтау); оқушылар өздері үйренеді, олар үшін ешкім оқымайды, өздігінен үйренеді; оқушы не үйреніп жатқаны туралы сөйлей алады; оқушылар қалай үйрену керек екендігін үйренеді.

Өз зерттеулерінде ағылшын ғалымы Б. Уильямс бағалауда - тиімді түрде сұрақ қою, оқушыларға критерийлерді жеткізу, өзара және өзін-өзі бағалау, кері байланыс беруге назар аудартты.

ОҮБ оқыту үдерісінің қандай кезеңінде екенін, әсіресе олардың мықты және әлсіз жақтарының сипаты мен себептері қандай екендігі туралы алынған мәліметтерге басты назар аудартады және оқушының қандай бағытта даму керектігін анықтау үшін қажет.

Қалыптастырушы бағалауда да эмоциялық/аффекттік, әлеуметтік/психомоторлық, танымдық аспектілердің

атқаратын өзіндік қызметі бар. Сол сияқты адамдардың қалай оқитынын түсіну үшін «Теориялық экспедициялар» құрылған, олар әлеуметтік психология, ынталандырушы, аффективті теоретиктер және когнитивті психологтерден тұрады [4]. Зерттеушілердің зерттеулері бойынша бұл теориялық экспедицияның өн бойында ұзақ болатын топ когнитивті теоретиктер. Сол сияқты бағалау аспектілерінде де танымдық аспектімен жұмыс жасау арқылы оқушылардың бойында тарихи дағдыларды қалыптастырумен қатар, оқу мақсатына да жетуге болады. Ал, «Өзіндік мен» тұжырымдамасы компоненттері де эмоциялық, әлеуметтік, когнитивті (танымдық) үйлесімнен тұрады.

Тіпті Марта Бронсон ұсынған өзін-өзі реттеудің де төрт (танымдық (когнитивті), эмоциялық, әлеуметтік, ынталандырушылық) саласы бар. Оқушыда, ересекте өзін-өзі реттеудің төрт саласында игерсе тиімді. Себебі, қазіргі уақытта интеллектік зиятпен (IQ – зияткерлік коэффициент) қатар эмоционалдық интеллектісіне (EQ) ерекше мән беруде. Мұғалімдердің педагогикалық рефлексиясын жетілдіру үшін жұмыстар жасалуда. Ол үшін «зерттеуші-талдаушы» міндеттерін шешетін мұғалім ретінде қалыптастыруда эмоционалдық интеллектісін (EQ) дамыту, Кротвелл таксономиясын, КРТБЫ (КРЭАМ) – өзіндік реттелетін оқудың мета стратегиясын қолдануға да болады.

IQ жоғары оқушылар өздерінің нені білетінін және білмейтінін, нені біле алатынын және біле алмайтынын анық түсінеді. Сонымен қатар қажетті білімді алуға өздеріне ненің көмектесетінін біледі. Олардың креативтілігі ойлау жылдамдығына байланысты емес. Ол

балалар шығармашылық есептерді IQ төмен оқушылардан жылдам шығармауы да мүмкін, баяуырақ ойласа да тереңірек түсінуі мүмкін [4, 60 б.]. Сондықтанда оқушыларда өзін-өзі реттеудің төрт саласында дамытып, сабақта бағалаудың да үш аспектісін қолданса оқушыларда сын тұрғысынан ойлау, тілдік, пәндік дағдыларда дамиды.

Сабақта оқушының жетістігін мұғалім тарапынан мадақтап отыру әрине оқушыны ынталандырады, ішкі уәжінің өсуіне ықпал етіп ол қалыптастырушы бағалаудың ынталандыру және уәждеу функцияларына жауап береді. Ал қалыптастыру функциясын іске қосу үшін негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалдық бағалау бойынша нұсқаулықта ұсынылған тиімді кері байланыс оқушының үш сұрағына жауап береді дегенді ескерсек тиімді болады. Олар:

- 1) Менің оқуым қандай сатыда?
- 2) Мен жоғарғы нәтижеге қалай қол жеткіземін?
- 3) Білімімді толықтыру үшін не істеуім керек? [5]

Мұғалім қысқа мерзімді сабақ жоспарында қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыруды және жоспарлауды дұрыс қарастыруы керек. Ол үшін қалыптастырушы бағалаудың әдіс-тәсілдерін сол сыныптың, оқушылардың жас ерекшеліктерін, қажеттіліктерін ескере отырып таңдау жасалады. Қалыптастырушы бағалаудың нәтижелерін талдау сындарлы кері байланыс ұсынуда керек.

Мұғалімдердің көбі қалыптастырушы бағалаудың ынталандыру әрекетін көрсеткенмен, стратегияларын нақты көрсетпейді. Бағдаршам, бас бармақ, шапалақ, смайликтерді қолдану

оқушыларды ынталандырады, дегенмен оқушы жұмысын түзету, жетілдіру үшін бұл әдістер маңызды ақпарат, тиімді кері байланыс беру жағынан тиімді емес. Яғни, оқушыны алға ілгерілетуде эмоциялық/аффекттік аспектіде керек, дегенмен әлеуметтік/психомоторлық аспекті де маңыздырақ. Мысалы, «Екі жұлдыз, бір тілек», «Плюс, минус, керемет», «Жарық жұлдыз», «Колб циклы» т.б стратегияларын қолдану кезінде оқушылар қалай оқу керек екендігін үйренеді, өзара және өзін-өзі бағалау, жетілдіру жолдарын түсіне білуді дамыту жақсы жүреді.

Критериалды бағалаудың танымдық аспектісі бойынша мысалы қалыптастырушы бағалауға тапсырма жасаған кезде оқу мақсаты/сабақтың мақсатындағы етістікті блум таксономиясының қай сатысы екенін анықтап алу қажет. Яғни, ойлау дағдыларының деңгейін сәйкестендіреміз. Оқу мақсаттарын ойлау дағдыларының деңгейімен және бағалау критерийлерімен сәйкестендіру маңызды рөл атқарады.

Оқу мақсаты - дегеніміз оқу бағдарламасына сәйкес пән бойынша оқушының оқу барысында меңгерген білім, түсінік, дағды жетістіктерінің күтілетін нәтижесі арқылы қалыптасқан тұжырым.

Сабақтың соңында оқыған тақырыпты меңгеруін тексеру үшін берілетін қалыптастырушы бағалау тапсырмасы Блум таксономиясы бойынша сол ойлау деңгейінен асып кетпеуі шарт. Қолдану болса тапсырмада одан жоғарғы талдау, жинақтау, бағалау бойынша тапсырмалар берілмейді. Себебі, танымдық аспектіде көбіне оқу мақсатына жеткендігі тексеріледі. Оқу мақсатын меңгермесе оқу мақсатына жету үшін жұмыстар жасалады. Мысалы, «5.3.2.1

– Қазақстан территориясындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау» тақырыбындағы сабақта оқу мақсаты бойынша ойлау дағдыларының деңгейі білу және түсіну (блум бойынша). Осы сабақта қол жеткізілетін 5.3.2.1 оқу мақсаттары сол сабақта қалыптастырушы бағалау тапсырмасында қаралады, сонымен қатар бөлім бойынша жиынтық бағалауда 5.3.2.1, одан кейін тоқсандық жиынтық бағалауда 5.3.2.1 оқу мақсаты тағы қарастырылады. Оқушы осы арқылы алға ілгерілейді, мұғалім соны түсінуі қажет. Ол үшін мұғалім және оқушылар бір-біріне дұрыс кері байланыс берулері маңызды. Оқушыға оқу мақсаты беріледі, сол арқылы олар жиынтық бағалауларға дайындалады. Оқушылардың оқу мақсаттарына жеткендігін бағалау критерийлеріне сәйкес жүзеге асады.

Блум таксономиясы оқыту нәтижелерін жазу үшін жиі қолданылады, ол дайын құрылыммен және етістіктер тізімімен қамтамасыз етеді. Етістіктерді дұрыс қолдану – оқыту нәтижелерін ойдағыдай жазып шығудың кілті. Бағалау критерийі де оқу мақсатымен тығыз байланысты.

Бағалау критерийі дегеніміз - білім алушылардың оқу жетістік деңгейлері өлшенетін белгі, өлшем, негіздеме [3, 6 б.]. Одан кейін тапсырма құрастырамыз. Бағалау критерийінен дескрипторлар беріледі, яғни берілген критерий бойынша тапсырманы қадам бойынша ашамыз.

Дескриптор – оқушының жұмысты қаншалықты жақсы орындағанын бағалайтын тұжырым немесе тапсырмаларды орындау кезіндегі нақты қадамдарды көрсететін сипаттама [3, 7 б.]. Дескрипторда оқушыға жауап тұрмайды, жауапқа жеткізетін жол көрсетіледі. Егер дұрыс берілсе біз

оқушыны табысқа жетелейміз. Критериалды бағалаудың қағидаттарының бірі «ашықтық және қолжетімділік» болғандықтан қалыптастырушы бағалау тапсырмасына берілген дескриптор оқушыға көрсетілуі керек. Ал жиынтық бағалау тапсырмаларының дескрипторлары мұғалімге, олар оқушыға көрсетілмейді.

Кері байланысты графикалық (жұлдызша, смайлик, «+, -!» т.б), ауызша, жазбаша түрде беруге болады. Мысалы, оқушының жазбаша жұмыстарын тексергенде жұлдызша, төртбұрыш, үшбұрыш белгісін қойса ол белгілердің мағынасын түсінуі қажет. Бағалау сызбалары оқушы жұмысын жетілдіру, түзетуге, алға ілгерілетуге бағытталады.

Оқушы-ата-ана-мұғалім арасындағы кері байланыс жүйелі жүргізілсе де оқушы алға ілгерілейді, өз оқуына деген жауапкершілігі артады. Атап көрсетсек, оқушы үй тапсырмасын орындаған соң көк түсті қаламмен өз жұмысын тексеріп шартты белгі немесе бағалау сызбаларымен өзін-өзі бағаласа, ата-анасы

баласының өзін-өзі бағалауы шынайы-ма, жұмыс дұрыс орындалғандығын жасыл түсті қаламмен белгілесе, мектепте мұғалім қызыл қаламмен графикалық кері байланыс берсе оқушы үй тапсырмасын орындауға дағдыланады.

Жанартылған білім мазмұнымен оқитын сыныптарда күнделікті санмен баға қойылмайды. Мұғалім сабақ бойы оқушылардың алға жылжуын қадағалап, мониторинг жүргізуі арқылы алға ілгерілеуін жандандырады. «БББ», «Инсерт кестесі», «Борт журналы», бағалау шкаласы, нысана т.б құралдарды қолдану арқылы сабақ барысында, яғни сабақтың әр кезеңінде оқушының алдыға жылжуын қадағалап, дер кезінде көмек көрсетеді. Бұл арқылы оқушының жеке траекториясын түзету бойынша мұғалімнің қызметі көрінеді. Оқытудың жай ғана жаттығу орындауға емес, мақсатқа жетуге бағытталуы қажеттігін түсініп, мұғалім әр оқушының қай деңгейде тұрғанын, нені біледі, нені білмейтінінің анықтап сындарлы кері байланыс береді.

Әдебиеттер:

1. Чапниус Дж. Оқытуды бағалаудағы жеті стратегия. Нью-Джерси: Пирсон Эдьюкейшен. ЖШС, 2009.
2. Мирсеитова С. Словарь RWCT. – Алматы: Верена, 2005.- 144 с.
3. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалдық бағалау бойынша нұсқаулық. Оқу-әдістемелік құрал. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. – Астана, 2016. -54 б.
4. «Тиімді оқыту мен оқу». Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2016.
5. «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы бойынша мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2016.
6. Зайниева З. С., Шёфильд Дж., Якавец Н. Роль учителя в самооценивании учащихся. // Педагогический диалог. - №3 (17). – 2016.
7. Манойлова М. А. Акмеологическое развитие эмоционального интеллекта учителей и учащихся. – Псков: ПГПИ, 2004.

КЕРІ ДИЗАЙН ЛОГИКАСЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЙТЫН ТӘСІЛ

Сайлыбаева А. С.,
*«Өрлеу» БАҒО» АҚ филиалы ШҚО бойынша
ПҚ БАИ Білім беру сапасы мен
басқару кафедрасы, аға оқытушы*

Критериалды бағалау жүйесінің теориялық негіздеріне Л. С. Выготский, Ж. Пиаже, Дж. С. Бруннердің «Әлеуметтік-конструктивистік оқу теориясы», Дж. Бруннердің «Скаффолдинг теориясы», Л. С. Выготскийдің «Жақын арада даму теориясын», Б. Блумның «Оқу мақсаттарының таксономиясы» т.б жатқызуға болады.

«Сабақ мақсатты айқындаудан басталады» деген қағидаға сәйкес мұғалімдер жаңа тақырып бойынша жұмыс жасамай тұрып, тақтаға сабақ мақсатын жазады (экранда көрсетеді). Дұрыс! Өйткені мақсатсыз орындалған әрекеттер саналы түрде жүзеге асырылмайды, олар оқушының өз еркімен атқарып жатқан әрекеті болып табылмайды, тек басқа біреудің айтуы бойынша ғана жүзеге асырылған іс-шара деп қабылданады. Оқушылар мұндай әрекеттерді «Мұғалім айтқан соң жасап отырмын!» деген кейіппен орындауы мүмкін, алайда оның іс-қимылы саналы болды деп айтуға болмас.

Мақсат дегеніміз әрекеттердің алдында олардың ойша болжанған түпкі нәтижесі, жүзеге асырылуға, орындалуға тиісті нәрсе (зат, құбылыс), алға қойылған міндет. Мақсат – адамның ниеті, ол бізді уәждеп (мотивациялап), бар әрекеттерімізді саналы жасап, оларды реттеп, аяққы нәтижеге ұмтылдырып бағыттайтын идея.

Мақсат болса – барлық әрекеттеріміз

де саналы тұрғыдан жасалады, біз өзімізге не керектігін ескере отырып, есте Дж.Дьюи «Мақсатты тек ерікті адам ғана құрастырады, ал құлда мақсат болмайды» деген ой айтқан еді. Осыған сәйкес егер балаларымыз ерікті болсын десек, оларды қаршадайынан мақсат қоюға үйретуіміз керек болар. Бүкіл өмірінің, мектептегі оқуының, әр күнінің, әр сабақтың мақсатын құра білген бала ешкімге тәуелді болмай, ешкімге жалтақтамай, өз ғұмырына өзі ие болып, қожа болып ерікті түрде өмір түзетін шығар. Сондықтан да сабақта ең маңызды мәселе мақсат.

Сабақ бойы барлық әрекеттерді мақсатпен екшеу керек, өлшеу қажет: әр тапсырма, сұрақ пен дидактикалық тәсіл тек мақсатқа жетелейтіндіктен қолданатын құралдар деп танылады. Барлық тапсырма, сұрақ пен тәсілдерді не үшін сабақта қолданамыз? Әрине, мақсатқа жету үшін ғана. Олардың құндылығы оқушыларды мақсатқа қандай дәрежеде жақындатуында.

Сабақты тіпті мақсатқа негізделген мынадай ретпен өткізу қажет болар:

Мақсатты айқындау → Мақсатты жүзеге асыратын әрекеттер, амалдар → Мақсатқа жеткен-жетпегенді талқылау. Сонда сабақтың қисындылығы (логикасы) арта түсер.

Сабақтың құрылымын да осы ұғымдармен байланысты үшке бөлуге болатын болса, онда біріншіден мақсатты

айқындау, екінші мақсатты жүзеге асыру, үшіншіден нәтижені бағалау болар еді.

Сабақтың мақсатын құрастырғанда «мақсат = нәтиже» формуласын қолданған дұрыс. Және де мақсатта оқушы сабақ барысында (не сабақ нәтижесінде), яғни 40 минутта не үйренетіндігін, не жасай алатындығын көрсеткен орынды. Сонда мақсат құрастырудың қысқаша анықтамасы «Оқушылар сабақта не үйренеді (немесе не жасай алады)?» дегенге саяды.

«Кері дизайн» әдісі «Түсіну»

- Түсінуге кедергі келтіретін жұмыс істеу тәсілдерін түсіндіреді.

- Қиындықтарды болдырмау үшін кері дизайн үдерісін түсіндіреді.

- Оқыту үдерісінде оқушылардың идеяларды зерттеуге бағыттайтын әдіс-тәсілдер ұсынады.

- Мақсатқа жету үшін жобалаудың жиынтығын ұсынады.

«Басқару»

Грант Уиггинс және Джей Мак-Тай «оқу бағдарламасын ашудан» «оқу бағдарламасын жасауға» жол салады.

«Жіктеу» қадамдары немесе кері дизайн әдісінің мәні:

- Күтілетін нәтижені анықтау.
- Білімді меңгеру көрсеткішін анықтау.

- Оқу үдерісін жоспарлау.

Оқу жоспарын әзірлеудің ең тиімді тәсілі неге «кері жағынан» басталатын тәсіл болып табылады? Мұғалімдер оқулықтардан оқытуды бастайды, оқудың нақты мақсаттарына немесе стандарттарға сүйене отырып таңдаудың орнына қарапайымдау тақырыпты, сондай-ақ уақытпен тексерілген қарапайым әдістемелерді таңдайды. Осы үдеріске кері байланыс жағынан қараңыз. Аяғынан бастау керек, яғни күтілетін нәтижеден (мақсаттар немесе стандарт),

содан соң стандартта жазылған және оқушыға белгілі бір міндеттерді орындау үшін қажет болатын білімдер мен іскерлік жиынына сүйене отырып, оқу жоспарын қалыптастыру керек. Оқытуға мұндай көзқарасты түбегейлі жаңа деп атауға болмайды. Ральф Тайлер (1949) шамамен 50 жыл бұрын «кері жағынан» әрекеттердің қисынын жеткілікті түрде анық әрі қысқаша жазып берген: «Оқыту кезеңінде қойылған міндеттер критерийлер болады, осыларға сәйкес қажетті материал таңдап алынады, оқыту курсының мазмұны қалыптастырылады, оқу жоспары әзірленеді, тестілік және емтихан материалдары дайындалады. Оқу курсының мақсаттары мен міндеттерін белгілеудің мәні пәнді түсіну үшін мұғалімнің/оқушының танымдық ойлауында қандай өзгерістер болуы керектігін жоспарлай отырып, оқу мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін оқу жоспарын құру» (45, 1-тармақша).

«Оқушылардың қажетті білімді меңгергендігінің көрсеткіші не болуы мүмкін?» деген сұрақты қоюға болады және содан кейін ғана сабақтың оқу жоспарын жасаңыз. Осы әдісті пайдаланатын көптеген мұғалімдер өздерінің «бағалаушы ретінде» ойлаулары оларға өздерінің мақсаттарын айқындап алуға көмектесіп қана қоймай, сонымен бірге жақсы нәтижелер үшін оқу мақсатын неғұрлым дәл айқындау үшін көмектесетінін айтады.

Бөлшектеп байланыстыру үдерісі (жіктеу үдерісі).

Осы әдістің қисыны оқытуды жүргізудің белгілі бір жүйелілігін болжайды. Ол 1.1-суретте көрсетілген үш қадамды қамтиды. Осы бөлімде біз осы қадамдарды зерделейміз.


1.1-сурет. Бөлшектеп байланыстыру қадамы немесе «кері жағынан» әдісі



Ең ішкі сақина өте күрделі таңдауды білдіреді: бөлімді зерделеу кезінде немесе бүкіл курс бойы 100% меңгерілуі қажет тақырыптарды таңдау қажет. «Меңгеру» термині жаһандық идеяларға жатады, ол білім алушының тіпті кейбір бөліктері ұмытылса да, әрдайым есінде болатын білім өзегі болып қалатындай етіп, оқушы толық түсінуі тиіс білімді меңзейді.

Бағалау кезінде білім алушының білімнің мағынасын және әділ әрі нақты бағалау мәнін түсінуі үшін оларды ұғымдарды күшейтілген түрде зерделеу, әртүрлі тестілер әзірлеу, жүргізу және критерийлер әзірлеу жолымен осы ұғымдармен қамтамасыз еткен жөн.

1.2-сурет. Курстың басымдықтарын айқындау



1-Критерий. Идея, тақырып немесе процесс қаншалықты үлкен құндылықты білдіреді, ол әлдебір «жаһандықты» білдіреді ме? Материалды меңгеру және оны түсіну барынша ірі тұжырымдамаларға, қағидаттарға немесе процестерге шоғырланған жекелеген фактілер мен іскерліктердің шеңберінен шығады. Пән аясында және оның шеңберінен тыс жаңа жағдайларға олар қалай қолданылады. Жаһандық идеяны орталық, тірек, негізгі, өзекті деген сөздермен сипаттауға болады. Өзек бұл өзінің осінде дөңгелекті ұстап тұрған

әлдебір нәрсе. Негізгі немесе тірек идея – бұл толық түсіну қажет болатын өзекті мазмұн. Джер Брунер (1960) «Білім үдерісі» атты еңбегінде «кез келген ересек адам өзінің бастауыш мектепте алған білімі оның ересек өмірі үшін өте пайдалы болғанын растай алады» деп жазды. (52-бет).

2-Критерий. Идея, бөлім немесе үдеріс қандай дәрежеге дейін қандай да бір оқу пәнінің мәніне қатынасы болады? Білім алушыларды пәнге «сүңгуге» тартып, біз оларға білімдері қалай қалыптасқаны, оны қалай тексеруге бо-

латыны және одан кейін қалай пайдаланылатыны туралы ойлануына мүмкіндік береміз. Белгілі бір пән шеңберінде өз жұмысында кәсіби мамандар пайдаланатын тәсілдерді назарға алып: ғылыми зерттеулер жүргізу, әртүрлі нысаналы аудитория үшін жазбаша нысанда түсіндіру, тарихтан бастапқы көздерден оқиғалар мен құжаттарды түсіндіру, нақты проблемаларды шешу үшін математиканы қолдану, зерттеулер жүргізу, сыни тұрғыдан мақалалар жариялау, әлеуметтік және экономикалық саясат мәселелерін талқылау.

3-Критерий. Идея, бөлім немесе үдеріс қандай дәрежеге дейін ашып көрсету және түсіндіру талап етіледі? Курстың немесе бөлімнің абстрактілі идеялары, айқын емес және қарама-қайшы болуы мүмкін тұжырымдамалары мен қағидаттары туралы ойлаңыздар. Мысалы, физика сабағында оқушылар күш, қозғалыс, тартылыс идеяларын түсінбеуі мүмкін. Олардан бір сәтте лақтырған шыныдан жасалған немесе боулингке арналған шардың қайсысы бірінші болып жерге түсетінін айқындау үшін көптеген оқушылар дұрыс жауап ретінде боулингке арналған шарды таңдап, өзінің тақырыпты түсінбегенін көрсетеді.

Білім алушылар қандай маңызды тұжырымдамалар немесе процестерді түсінуге жиі қиналады? Мұндай қиындықтар әдетте немен байланысты? Қандай жаһандық идеялар мұндай түсінбеушілікті тудыруы ықтимал? Бұл маңызды сұрақтар, оларға жауап беру арқылы жақсы оқудың маңызы ашылады.

4-Критерий. Идея, бөлім немесе үдеріс қандай дәрежеге дейін оқушыларды белсенді қызметке тарту мүмкіндігіне ие болады? Өзінің негізінде белгілі бір идеялар түрлі жастағы оқушыларды қызықтырады. Үдерістерді немесе жағдайларды қайта құруы, талқылау

немесе басқа әдістермен оқу үдерісіне оқушыларды қызықтырап қатыстыру арқылы кітапта берілген білімдерді жаңаша түсінуге болады. Оқушыларды оқу үдерісіне тарту арқылы оның оқуға деген қызығушылығын арттыруға болады. Мысалы, мына: «Тәуелсіз болу деген нені білдіреді?» деген сұрақты қою арқылы біз оқушыларды әртүрлі әлеуметтік тақырыптарды (төңкеріс соғыстары, құлдық, экономика) зерделеуге итермелейміз. Осындай идеялар басқа, неғұрлым жаһандық идеяларға жетелейтін терезе болып табылады, мысалы, «Өте ерікті болу қандай шектеулер мен жауапкершілік жүктейді?» сұрағын қоюға болады.

Білім беру үдерісінің заманауи әдістерінің бірі – білім нәтижесі қалыптастырылған құзыреттер/құзыреттіліктер түрінде анықталатын құзыреттілік тәсілі болып табылады. Бұл тәсілдің білім беруде жиырма жылдам астам қолданылатынына қарамастан, құзыреттілік тәсілін іске асырудың бірқатар теориялық мен тәжірибелік проблемалары әлі де қалып отыр, олар: қолданылатын ұғымдық-санаттық аппараттың, құзыреттілік құрылымның әлі де жүйеге келмеуі, оны білім беру үдерісінде қалыптастыру мүмкіндіктері мен шарттары, бұл үдерістің нәтижелілігін анықтау, зерттелетін жеке тұлға қасиетінің қалыптасу деңгейін диагностикалау.

Бұл проблеманы шешу үшін білім беру үдерісін жобалауда кері дизайн (Backward Design) идеологиясын пайдалану дұрыс көрінеді.

Бұл дегеніміз - жобалау алгоритмін қолдану деген сөз (мақсаттан оны қамтамасыз ететін мазмұнға қарай жылжу). Ол алгоритм қадамдары мынадай:

1-қадам: бағдарлама талаптарына негізделе отырып, пән бойынша жал-

пы немесе оның жеке модулі бойынша оқу нәтижелерін анықтау. Ғалымдардың пікірі бойынша, пән бойынша оқу нәтижелерінің саны 4-5 болуы мүмкін.

2-қадам: оқу нәтижелеріне қол жеткізілгенін анықтауға мүмкіндік беретін бағалау жаттығуларын белгілеу.

Тиісті диагностикалау құралдарын әзірлеу.

3-қадам: оқудың қажетті нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін бағалау рәсімдерімен бірге оқудың қажетті мазмұнын, технологияларын, құралдарын және түрлерін негіздеу.

Әдебиеттер:

1. Осипов М. В. Проектирование образовательного процесса в идеологии «обратного дизайна» ФГАОУ ВПО «Сибирский федеральный университет» *Современные проблемы науки и образования*. – 2015. – № 3.;
2. Қ. С. Бураханова, З. А. Абдуллина, Т. Қ. Зайсанбаев С. Ж. *Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Қазақ тілі кафедрасы Құзыреттілікті дамыту жолдары*
3. Иванов Д. А., Митрофанов К. Г., Соколова О. В. *Компетентностный подход в образовании. Проблемы, понятия, инструментарий: Учебно-методическое пособие*. – М.: Наука. АПКиППРО, 2005. – 182 б.
4. Асхат Алимов, Мақсат қою. Педагогикалық шеберлік орталығының порталы

ИНТЕГРИРОВАННЫЕ УРОКИ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ

Каматаева С. Т., Камзина А. Н.,
ст. преподаватели кафедры ИТиМПЕН(Г)Д
ФАО «НЦПК «Өрлеу»ИПК ПР ВКО

Межпредметные связи – важнейший принцип обучения в школе. Самая эффективная в настоящее время форма реализации межпредметных связей при изучении комплексной проблемы в школе – это интегрированные уроки.

Интегрированный урок — одно из новшеств современной методики обучения. Эта технология успешно внедряется в школьные программы и связывает, на первый взгляд, несовместимые предметы. Он весь пронизан межпредметными связями и предлагает учащимся знания из многих областей науки, искусства, культуры, а также реальной повседнев-

ной жизни. Интеграция в образовании необходима, так как у современных школьников из-за множества учебных дисциплин формируется фрагментарность мировоззрения и трудности с адаптацией в современном интегрированном мире. Она должна быть постепенной, от внутрипредметной к межпредметной. Специфика таких уроков состоит в том, что они проводятся совместно учителями двух или нескольких смежных предметов. Особенно важно четко продумать методику проведения урока. Заранее определить объем и глубину раскрытия материала, последовательность его из-

учения. Интегрированный урок должен быть построен таким образом, чтобы большую половину учебного времени занимало творчество учащихся. Сроки изучения различных аспектов комплексной проблемы в смежных дисциплинах должны предшествовать обобщению, тогда не будет нарушена логика изучения каждого отдельного предмета. Поэтому уроки целесообразно проводить после усвоения учащимися большого раздела курса или в конце учебного года. Доля участия каждого учителя зависит от содержания материала, но приблизительно должна быть равной, хотя один из учителей (в зависимости от предмета) выбирается ведущим.

Структура интегрированных уроков отличается от обычных уроков следующими особенностями:

- предельной четкостью, компактностью, сжатостью учебного материала;
- логической взаимообусловленностью материала интегрируемых предметов на каждом этапе урока;
- большой информативной ёмкостью учебного материала, используемого на уроке.

Как учителю подготовить интегрированный урок?

Подготовка начинается с составления подробного плана. Каждый этап урока расписывается и указывается время, затраченное на этот этап. Учителя заранее продумывают ход урока и прогнозируют все возможные паузы, связанные с наглядностями и раздаточным материалом. Учителя работают в паре, и даже если в определенный момент ведущую роль играет один педагог, второй не должен сидеть в тени. Он либо готовится к следующему этапу, либо наблюдает за работой детей, помогает им. В конце урока учащиеся должны самостоятельно обозначить те межпредметные связи, ко-

торые планировались.

Однако не все уроки приемлемы для интеграции. Например, русский — литература, математика — природоведение, литература — природоведение и др. Такие уроки нельзя проводить часто, т.к. они теряют новизну и снижают интерес учащихся к такого рода урокам. Да и не все темы и разделы учебной программы надо интегрировать.

При планировании урока требуется тщательный выбор типа и структуры урока, методов и средств обучения, а также определение оптимальной нагрузки учащихся различными видами деятельности. Интегрированные уроки должны быть построены таким образом, чтобы обеспечить **дифференцированный подход** к получению знаний учащимися. Для разных категорий учащихся в зависимости от их способностей предлагаются разные методы усвоения знаний: от анализа изучаемых процессов до пересказа полученной информации.

Варианты интегрированных уроков разнообразны. Можно интегрировать не только два, но и три и даже несколько предметов на одном или нескольких уроках. Приведем примеры интегрированных уроков по обновленной программе в начальных классах по сквозной теме «Путешествие». Данный урок направлен на развитие функциональной грамотности учащихся через интеграцию предметов и межпредметные связи. На интегрированном уроке, где доминирующим является казахский язык, дети при помощи пазлов делятся на 2 группы: 1-я группа – казахский язык,

2-я группа – русский язык.

1 топ. Казахский язык. 1 тапсырма: елестетіп айтып бер.

Суретке қара. Сурет пен өзіңнің тұратын жеріңді осы жердемін деп елестет. Не сезесің? Салыстыр. Қандай

дыбыстар естисің? Сол дыбыстарды қолжетімді ресурстармен дыбыстап, әуендетіп көрсет. Географиялық орнын зерттеп, жол табудың шарттарын жаса (қазақ тілі, жаратылыстану, музыка, дүниетану).

2 группа. 1 задание:

1. Представь, что ты экскурсовод. Выбери интересные места для путешествия в нашей области.

2. Сделайте рекламный постер для развития туризма в Восточно-Казахстанской области (русский язык, познание мира, ИЗО).

1 топ. 2 тапсырма: саяхат

Сен Қазақстан қалаларына саяхатқа шығасың. Бір қаладан екінші қалаға маршрут сыз. Жолда саған не кездесті. Суретін сал. Саяхат кезінде қандай ақыл-кеңестер бересіздер? Тізбесін ұсынады. Есеп құрастыр (қазақ тілі, дүниетану, математика).

2 группа. русский язык. 2 задание:

1. Какие вещи и предметы необходимы туристу для путешествия? Нарисуйте.

2. Сколько вещей и предметов нужно взять с собой. Расскажите, зачем они нужны? (русский язык, ИЗО, математика).

Группы внимательно слушают друг друга и дают обратную связь.

В ходе интегрированных уроков развиваются умения обобщать, синтезировать знания из смежных учебных предметов, обеспечивается преемственность знаний, их формирование на более высоком продуктивном уровне. Кроме того, имеется возможность для синтеза знаний, формируется умение переноса знаний из одной отрасли в другую. Это в свою очередь стимулирует аналитическую деятельность учащихся, развивает потребность в системном подходе

к объекту познания, формирует умение анализировать и сравнивать сложные процессы и явления объективной действительности. Именно на этих уроках в большей мере происходит формирование личности творческой, самостоятельной, ответственной, толерантной.

Все это прослеживается на интегрированном уроке русского языка и математики в 3 классе учителя русского языка и литературы Данияровой Асем Нурлановны (КГУ «Средняя школа имени М. Ауэзова» Зайсанского района).

Цель интеграции. Учащиеся научатся узнавать имя числительное, оформлять его на письме и употреблять в речи через использование учебного материала по математике.

Диалог. Учащиеся задают друг другу вопросы и отвечают на них. По итогам работы делают записи в таблице оценивания диалога (развитие устной связной речи с использованием в речи имён числительных).

Работа с текстом.

1. Выразительное чтение текста учителем.

2. Фонетическое упражнение. Повторение за учителем.

3. Словарная работа.

Вставьте на месте пропусков подходящее по смыслу слово:

_____ - ағаштың басы.

_____ - кеуіп қалды.

_____ - бұтағын сындырды.

_____ - өсу.

4. Чтение по цепочке.

Затем детям предлагаются вопросы по тексту «верно/неверно/нет информации» (цель: развитие функциональной грамотности).

Беседа по вопросам:

- О чём этот текст?

- Сколько героев в данном тексте?

- Как можно озаглавить данный текст? Предложите несколько вариантов.

- В тексте нет имен девочки и мальчиков, которые навредили дереву? Как вы думаете, почему? (на месте этих детей может быть любой из нас).

Дети выполняют задание в группах (предлагается сформировать группы по желанию, по уровню сложности задания):

1 группа находит в тексте предложения с именами числительными (4 мальчика, одна девочка, одно дерево, две лопаты и т.д.).

2 группа создает графический органайзер «Звезда» (анализ).

3 группа инсценирует (синтез).

Обратная связь с использованием приема «Поезд». Дети подсчитывают свои «плюсы» и прикрепляют их на паровоз или вагончики (по количеству плюсов).

Интегрированные уроки интересны тем, что присутствуют два учителя одновременно и важны в том плане, что помогают решать большее количество задач, применять разные методы и формы обучения. Интегрировать можно разные учебные дисциплины, даже те, которые на первый взгляд кажутся несовместимыми.

Интегрированные уроки бывают целостными и фрагментарными. Фрагментарные уроки позволяют рассмотреть небольшой круг вопросов. Рассмотрим идею интеграции русского языка и математики (геометрии) в 8 классе по теме «Обращение» (учитель русского и литературы Оспанова Н.Т. и учитель математики Оспанова А.Т., КГУ «Аксуатская средняя школа № 2» Тарбагатайского района).

Цель интеграции: Учащиеся научатся использовать знания из области

математики (геометрии) для освоения языкового факта (обращения).

Урок проводится учителями русского языка и математики. На уроке учащимся предлагается академический текст «Четырехугольники: квадрат, ромб, прямоугольник» и двуязычный словарь геометрических терминов:

- * прямая - түзу
- * отрезок - кесінді
- * плоскость - жазықтық
- * угол - бұрыш и т.д.

При необходимости рекомендуется обращаться к помощи двуязычного словарика терминов.

Группам даются следующие задания:

- выписать 5 математических терминов из текста;
- обосновать выбор.

Затем распределяются роли по следующим группам: художники, писатели, составители вопросов, исследователи, посредники. Учащиеся должны использовать в речи обращения и математические термины.

Наиболее благоприятны для интеграции уроки литературы, ИЗО, музыки. Именно на таких уроках у детей развивается образное мышление, воспитываются эстетические чувства, любовь к родному языку, природе, литературе, музыке, расширяется кругозор, обогащаются знания.

На формирование интеллектуально развитой личности с целостным представлением картины мира направлен интегрированный урок русского языка, ИЗО и музыки «**Тема осени в произведениях поэтов, писателей, художников и композиторов**» в 8 классе (учитель русского языка и литературы Жумашева Толкын Нургалиевна, КГУ «Большевладимировская средняя школа» Бескарагайского района).

В начале урока используется «Осенняя песня» из цикла «Времена года» П. И. Чайковского, создающая благоприятную эмоциональную атмосферу.

Проводится деление на группы.

Задания для групп:

1 группа. «Поэты» представляют свою работу, рассказывают о М.Ю. Лермонтове и его творчестве (тема осени).

2 группа. Группа «Композиторы» представляет свой графический органайзер «Карта истории», рассказывает о композиторе и творчестве, затрагивая тему осени.

3 группа. Группа «Писатели» создают мини-эссе на тему «Тема осени в произведениях И.И. Левитана».

Беседа.

Кто из наших современников - писателей, поэтов, композиторов и художников - посвятил свои произведения теме «Осень»? (поэты, писатели, художники ВКО: Михаил Чистяков, Борис Щербаков, Кайляш Нургазин, Болат Исин, Александр Коробейников и др.).

На уроке учащиеся находят изобразительно-выразительные средства в описаниях природы, учатся устному словесному рисованию, составлению небольшого рассказа по картине.

Таким образом, форма проведения интегрированных уроков нестандартна, увлекательна. Использование различных видов работы поддерживает внимание учеников на высоком уровне,

что позволяет говорить об эффективности таких уроков. Они снимают утомляемость, перенапряжение учащихся за счет переключений на разнообразные виды деятельности, повышают познавательный интерес, служат развитию воображения, внимания, мышления, речи и памяти школьников. Такие уроки дают ученику достаточно широкое и яркое представление о мире, в котором он живет, о взаимопомощи, о существовании многообразного мира материальной и художественной культуры. Интеграция дает возможность для самореализации, самовыражения, творчества учителя, способствует раскрытию способностей его учеников и является источником нахождения новых фактов, которые подтверждают или углубляют определенные выводы, наблюдения учащихся, возникающие в процессе изучения различных предметов.

Безусловно, интегрированные уроки развивают потенциал самих учащихся, побуждают к активному познанию окружающей действительности, к осмыслению и нахождению причинно-следственных связей, к развитию логики, мышления, коммуникативных способностей. В большей степени, чем обычные, они способствуют развитию речи, формированию умения сравнивать, обобщать, делать выводы, предполагают обязательное развитие творческой активности учащихся.

Литература:

1. Якиманская И. С. *Личностно-ориентированное обучение в современной школе.* - М.: 1996.
2. Ливанский В. М. *Ресурсный подход становления интегрированного школьного и внешкольного образовательного пространства // Завуч.* -2006 г.-№ 5.

ОҚЫТУ МЕН ОҚУ ҮДЕРІСІН ЖАҚСARTY МАҚСАТЫНДА LESSON STUDY ЗЕРТТЕУ САБАҒЫ ТӘСІЛІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Адыльбаева Г. С.,

№ 64 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Астана қаласы

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі - оның жан-жақты білімімен, ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа тәсілдерін меңгеруімен өлшенеді. Білім беру үдерісінде білім сапасы басты көрсеткіш десек, сол білім сапасын арттыру мақсатында қолданылатын түрлі әдіс-тәсілдерді атап көрсетуге болады. Сабақты зерттеудің тәсілдерін пайдалану түрлі елдердің орта білім беру жүйесінде және мұғалімдерді даярлау жүйесінде кеңінен танымал бола түсуде. Сондай тәсілдердің бірі - білім кеңістігінде кеңінен танымал жапондық зерттеу сабағы тәсілі. Зерттеу сабағы (Lesson Study) - мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл. Lesson Study-дың мақсаты әр мектепте әртүрлі. Lesson Study-дың мақсатқа байланысты үш түрі бар. Бірінші түрі Lesson Study-дың бірыңғай тақырыбына байланысты, екінші түрі оқыту дағдыларын дамытуға арналған, ал үшінші түрі бақылау дағдыларын дамытады. [1] Қаламыздағы №64 мектеп-лицейде зерттеу сабағы оқушылардың білім сапасын көтеру, оқыту дағдыларын дамыту мақсатында өткізіледі. Зерттеу сабағы барысында мұғалімдер: зерттеу тобын құрады, сабақтарға қатысады (мұғалімдерден құралған топ); оқушыларға оқу және ұзақ мерзімді даму мақсаттарын қояды; сабақ жоспарларын бірлесіп құрады; үш деңгейдегі оқушыларды анықтайды; зерттеуді, бағалауды, бақылауды, талдауды бірлесіп жүргізеді; оқушылармен

сұхбат жүргізеді; әріптестерімен ой бөліседі. [2]

Мектепте зерттеу сабағы циклын өткізу үшін 5,7-сыныптар мектепшілік зерттеу жүргізе келе, сауалнамалар алдық. Зерттеу тобымен ақылдасып, 7 «М» сыныбында қазақ тілі, ағылшын тілі, математика пәндерінен зерттеу сабақтарын жүргізуді ұйғардық. Зерттеудің мақсаты – оқытудың жаңа әдістәсілдерін пайдалана отырып сынып оқушыларының білім сапасын көтеру. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін үш зерттеу сабақтарын жоспарладық. Зерттеу сабақтарын жүргізу мақсатында А,В,С деңгейлі оқушылар анықтап алынды. Алғашқы зерттеу сабағын (қазақ тілі) талдау барысында оқушыларға өз бетімен орындау үшін деңгейлік тапсырмалар дайындау ұсынылды. Екінші зерттеу сабағы (математика) алғашқы сабақтың қорытындысындағы ұсыныс ескеріле отырып құрылды және өткізілді. Сабақта оқушылар берілген деңгейлік тапсырмаларды орындады, сабақты талдау нәтижесінде үшінші зерттеу сабағына А,В,С оқушыларының деңгейін ескере отырып, тапсырмаларды түрлендіріп, күрделендіріп беруге ұсыныс жасалды. Алдыңғы сабақтан соңғы ұсыныс, оқушымен сұхбат нәтижесі ескеріле отырып, мұғалімдердің бірлесуімен үшінші зерттеу сабағының (ағылшын тілі) жоспары құрылып, өткізілді.

Үш цикл аяқталған соң, мұғалімдердің бірлесуімен зерттеу сабағы қорытындыланды. Нәтижесінде жалпы сыныптағы әртүрлі деңгейдегі

оқушылар бойынша өзгерістерді анықтап, С деңгейдегі оқушы топпен бірлесе, топ мүшелерінің бір-бірін жетелеп, қолдауының арқасында сабаққа өз үлесін қосып, берілген мәтінмен жұмыс жасай алады. Жеңіл сұрақтарға жауап беріп, өз қатесін тауып, жұмыс жасауға ынталанады деген қорытындыға келдік. Ал, В деңгейдегі оқушы топпен жұмыс жасағанда өз ойын бүкпей ашық айта алады және алған білімін қолданып, тірек-сызбалармен жұмыс жасай алады. Қосымша материалдармен жұмыс жасап, өздігінен білім алуы үшін жоспар құрай алады. Сондай-ақ, А деңгейдегі оқушы топтық жұмыста көшбасшылық танытады. Проблемалық сұрақтарды анықтап, жауап табуда ізденіп, өз білімін шығармашылық тапсырмаларды, логикалық тапсырмаларды орындау кезінде қолдана алады. Бұл зерттеу жұмысы оқушылардың білім сапасын көтеруге ғана бағытталып қойған жоқ, сонымен қатар мұғалімдердің де жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану құзыреттіліктерін жетілдіруді мақсат еткен болатын. Осыған байланысты мұғалімдерге оқушылармен жұмыс барысында тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай бағытталуы керек, сонымен қатар оқушыға берілген өзіндік жұмыс белгілі бір мақсатқа бағытталған, оқушы орындай алатындай етіп таңдалуы тиіс деген ұсыныстар жасалды.

7 «М» сыныбында жүргізілген зерттеу сабағын қорытындылай отырып, сабақтағы өз бетімен жұмысты жетілдіруде оқушылардың деңгейі

міндетті түрде ескерілуі керек деген түйін жасалды. Сабақты жоспарлауда алдын ала оқу мақсаттарын айқындап алу оң нәтиже береді. Сабақта бағалау парағын ұсыну, оқушыларды бағалау критерийлерімен таныстыру оқушылардың өздері қол жеткізе алатын нәтиже ғана емес, сабақ бойы қандай іс-әрекетпен айналысатынымен хабардар болып отыруға мүмкіндік береді, бұл оларды өз-өздерін реттеп үйретуге, өз бетімен жұмыс жасай білуге дағдыландырады деген қорытынды жасалды. Ең бастысы осы зерттеу нәтижесінде 7 «М» сыныбындағы білім сапасында оң өзгеріс байқалды.

Қорыта айтқанда, lesson studyдің нәтижесінде біз оқушылардың білімдерін жаңа әдіс-тәсілдер арқылы кеңейте алдық және оқушылардың оқу үдерісіне толыққанды қатысуына ықпал ете білдік. Бағдарламаның жеті модулін ықпалдастыру арқылы жүргізілген жұмыстар арқылы оқушылар сұрақтарға толық жауап беруге, ойларын ашық айтуға дағдыланды.

Болашақта осындай әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушыларымыздың білім, білік дағдыларын арттырамыз. Дарынды және талантты оқушыларға күрделенген тапсырмалар беруге ізденеміз. Осы жерде «Мұғалімдер, өз кезегінде өзінің сабақ беруіне емес, оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс. Осы мақсатта мұғалім оқыту ортасын құру керек...» деген Выготскийдің сөзінің ақиқаттығына көзіміз жетті. [3]

Әдебиеттер:

1. *Мұғалімге арналған нұсқаулық.* – Астана, 2015
2. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. № 4, 2016
3. *Оқу-әдістемелік көмекші құрал.* – Алматы, 2008

АНАТОМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУ – БІЛІМДІ ДЕ БІЛІКТІ ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БІРІ

Сулейменова Б. А.,
*медицина ғылымының кандидаты,
 медициналық колледждің жалпы кәсіптік
 пәндер оқытушысы, Астана қаласы*

Анатомия пәнін оқыту үдерісі кезінде студенттерге интеллектуалдық қабілетті тікелей беру мүмкін емес, дегенмен міндетті түрде оны анықтап дамытып отыру қажет. Себебі олардың ойлау қабілетін дамыту, өз бетінше ойлай білуге үйрету білімді нәтижелі игеру үшін, болашақ, танымдық және тәжірибелік іс-әрекетке дайындау үшін қажетті шарт, яғни белсенді тұлғаны тәрбиелеу құралдарының бірі. Анатомия пәнін оқыту үдерісіндегі басты буын - оқу материалын бекіту, жаттау, есте сақтау, оны әдет пен дағдыға айналдыру. Ал білім мен дағды және әдетті практикада қолдану негізі - шеберлік.

Медицина мамандарының ауруды диагностикалау кезінде көптеген қиындықты кездестіру жағдайлары аз емес, тіпті қателесу кезеңдері де практикада орын алады. Мысалы, ботулизм қоздырғышының нейротоксинімен улану және омыртқа - негізгі артериясының жетіспеушілігі нәтижесінде пайда болатын ақаулар бірнеше клиникалық белгілер арқылы ұқсас болуы мүмкін. Оған себеп омыртқа - негізгі артериясының қоректендіретін аймағы, яғни ми түбегі – ботулизм кезінде зақымданатын жүйке ядроларының орналасу аймағы. Сондықтан жүйке жүйесі мен қантамыр жүйесінің анатомиялық құрылысын, орналасу ерекшелігін анатомия пәнін оқу барысында түсінген келешек медицина мамандары үшін бұл білім іргелес даму өрісі болар еді. Сонымен бірге, соқыршектің құрт тәртізді

өсіндісі *processus vermiformis* рудимент екенін, сондықтан оның ұзындығының тұрақсыз – 2-13 смге дейін болуы, соған байланысты жанасып орналасатын мүшелердің қызметін бұзып, клиникалық белгілерінің диагностикалау қиындығына әкелуі мүмкін екенін анатомия сабағында түсінген студент аппендициттің цистит, холецистит немесе іш өту түрінде басталуының мүмкін екенін еске сақтап қалады.

*Медицинадан артық игілікті
 ҒЫЛЫМ ЖОҚ.*

Анатомия пәнін оқыту барысында жүректің қарыншаларының жақтаулары оның ішкі, яғни эндокард қабатының қатпарларынан пайда болуын нақтылы түсінген студент келешекте ревматизм ауруының асқынуының алдын алып, оның өршімеуіне әрекет жасайды. Ал қандайда болмасын тіршілікке қатер туғызатын ауруды уақтылы диагностикалау білсе, біріншіден адам өмірі құтқарылады, екіншіден мүгедектіліктің алды алынады, үшіншіден медицина қызметкерінің белсенділігі көтеріледі. Мысалы жүректің тәждік артерияларының жетіспеушілігі өлімге әкеліп соғатынын медицинада білімі жоқ қарапайым адамдар да біледі. Ал қатердің басталу кезеңі медицина мамандарының өзін де қобалжуға әкеледі, себебі уақтылы

диагностикалауды қажет ететін өте жауапты кезең инфаркт бастамасы тәждік артерияларының жетіспеушілігіне қатысы жоқ ақаулардың клиникалық белгілерімен басталуы мүмкін. Мысалы, диспепсия бұзылыстары, яғни жүрегі айналып, құсып, тіпті іш өтіп кету, не болмаса басы айналып есінен тану, не болмаса ауру сезімі жүрек тұсынан басталмай иық, шынтақ, бармақ, құлақ қалқаны, тіс ауруымен басталуы мүмкін. Медицина маманы үшін шеберлікті қажет ететін, ал ауру адам үшін өміріне қатер туған мезгіл болғандықтан осы тұста анатомия сабағынан алынған жүрек-қантамыр жүйесінің орналасу ерекшелігін білу өте қажет, яғни бүгінгі анатомия пәнін дамыта оқыту технологияларының діңгегі ең алдымен студенттердің ойлау қабілетін дамыту. Ал дамыған ой ақылды, интеллекті жетектейді.

Сондықтан анатомия пәнін оқыту барысында колледжде практикалық тапсырмалар мен жаттығуларды қолдана отырып, ойындар әзірлеу, көрнекі құралдар, тәжірибелер жасау, блиц-турнирлер жүргізу арқылы келешек мамандарды практикалық іске тікелей даярлау әдісі қолданылады, студенттердің танымдық іс-әрекетін басқару проблемасында оқыту дәлелдігіне көп көңіл бөлінеді. Әрбір оқу жылында студенттер топтарының арасында сайыс жүргізіледі. Бір топ жүйке жүйесі мүшесінің атымен аталса, екінші топ қантамыр жүйесі мүшесінің атымен аталады. Жарыс барысында өлең - тапқыты да, юморды да қолдана отырып, ақаулардың клиникалық белгілерінің ұқсастығының себептері және оны айыра білу жолдары анықталады, ал сайыс кезеңдерін талқылап, еске түсіру арқылы көрермендер де ерекше ақпарат алады. Қандай оқыту технологиясы қолданылса да басты мақсат білім беру

процесінің тиімділігін жоғарылату. Арнайы педагогикалық білімі бар оқытушыларға қарағанда дәрігерлік мамандығы бар оқытушылар үшін оқыту технологиясының 50-ге жуық түрінің қыр-сырын білу қиындау.

Медицина мамандарын дайындауда ерекше көңіл бөлетін мәселе білім алушыларға терең білім берудің және жоғары танымдық белсенділігін арттырудың негізгі әдістерінің бірі логикалық ойлау белсенділігін қалыптастыру. Әрине, білімалушының қабілетінің жақсы дамуы оның мектепте алған базалық білімінің тереңдігіне байланысты. Медициналық колледжде педагогикалық, психологиялық зерттеулер барысында кейбір білімалушылардың жұмыс істеу қабілетінің төмендігі, сөздік қорының аздығы, дерексіз және логикалық ойлау дамуының әлсіздігі, ойлау белсенділігінің төмендігі, яғни оқушы бойындағы қасиеттерді ескере отырып, білім сапасы деңгейінің төмендігіне байланысты әртүрлі жұмыстар атқарылады.

Логикалық ойлау дағдысын қалыптастырудың екі деңгейі бар. Олар төменгі және жоғарғы деңгейлер. Төменгі деңгейге сәйкес оқушы өздік жұмыстарды қиналып орындайды, бағдарлама көлемінде игереді. Білім алушының ойлау дағдылары қалыптаспаған. Ал, жоғарғы деңгейде сәйкесінше білім алушы жұмыстарды еркін орындайды. Берілген материалдың негізін көре білуге қалыптасқан. Білім алушы бағдарламадан тыс білімін тереңдетуге ұмтылады, білімінің орнықтылығын көрсете алады.

Тәжірибе нәтижесінде оқушылардың логикалық ойлау дағдысын қалыптастыру барысында жоғарыда көрсетілген екі деңгейді теңестіруге болатыны анықталады. Білімі жоғары

деңгейде болу үшін білім алушыны ойлауға, есте сақтауға, өз бетімен басқа тақырыптың ерекшелігін, өзгешелігін, ортақ белгісін ажырата алатын салыстырмалы сұрақтар құрастыруға, жоспар жасаудағы дағдысын қалыптастыру. Оқыту барысында дәстүрлі оқыту технологияларымен қатар дәстүрден тыс оқыту технологиялары да қолданылады. Ондағы мақсат оқушылардың білімді құрғақ менгеріп қана қоймай, ізденіс қабілеттерін дамыту. Барлық оқытушыға таныс әр қилы есте сақтау (естіп, көріп, жазып) ойлану, зейін қою, арнайы дайындалған оқыту және іздену ситуациялары арқылы қабылдау. Сонымен, өзінің оқуға деген (арнайы тақырыпқа) құштарлығын қанағаттандыру оқушының логикалық ойлау қабілеттерін дамыту үшін көбінесе сұрақ жалаң, құрғақ

түрде емес жұмбақтап қойылған жөн. Ал оқытушыға қойылатын талап – сұрақ түсінікті, анық, мағыналы болуы қажет.

